

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 400 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 297 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Монополияшы кәсіпорындардың қызмет көрсетулеріне бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 400 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 12, 122-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) коммуналдық қызметтерді есептеу аспаптары болмаған кезде газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау үшін төлемнің мөлшері 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша нормалардан аспайтын қолданыстағы тұтыну нормалары ескеріле отырып айқындалады;"

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі